



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 25/25

24 желтоқсан



www.nstagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

**ЖАҢАЛЫҚТАР**

## ҚАЛА ӘКІМІ – ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРДІ



23-желтоқсан күні Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сагаев 2022-жылы атқарылған жұмыстар нәтижесі және 2023-жылға атқарылуға тиіс жұмыстар туралы «БЖО ғимаратының үлкен залында» Приозерск қаласы тұрғындарының алдында есеп берді. Кездесуге қаладағы мекемелер, кәсіпорындар басшылары мен жұмысшы-қызметкерлері, жастар және баспасөз өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында бірінші кезекте азаматтардың табысы мен өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жаңа бағытты ұсынғанын еске салды.

Біздің алдымызда өте күрделі міндеттер тұр. Сондықтан біз бірлікті сақтай отырып, бірге жұмыс істеуіміз керек. Келесі жылдың бірінші жартысында елімізде парламенттік сайлау өтеді. Президентіміз ұсынған саяси реформалар бағдарламасына сәйкес заң шығарушы билік пен жергілікті өкілді органдар сапалы өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан, үкімет пен жергілікті басқарушы органдар, оның ішінде Приозерск қаласының әкімдігі, өз жұмысын жаңа бағытта ұйымдастыруға бет бұрды. Қоғамдық-саяси және әлеуметтік-

экономикалық жағдайды жаңа деңгейге көтеру мақсатында іс-қимыл жоспары әзірленіп, жұмыстар жүргізілуде», деп - бастады әкім баяндамасын.

Одан әрі әлеуметтік-экономикалық даму, өнеркәсіп, инвестициялар, агроөнеркәсіптік кешен, кіші және орта бизнестің дамуы, құрылыс саласы, инфляциялық процестер, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй қоры, абаттандыру, көгалдандыру, жағдайды, автожол, жер қатынасы мәселелері, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, білім саласы, денсаулық сақтау, спорт, ішкі саясат, жастар саясаты және мәдениет мәселелері төңірегінде сөз қаузады. Есептік баяндаманың негізгі есептері арнайы дайындалған слайдтар арқылы үлкен экраннан көрсетіліп отырды. Жасалған және атқарылуға тиіс мәселелер бойынша нақты мысалдар келтірілді. Тыңдаушы қауымды әсіресе мәдениет саласындағы оң өзгерістер төңірегіндегі жаңалықтар қуантып, қуана қол соқты. Қысқа уақыттың ішінде қаланы абаттанбыру, көгалдандыру жұмыстарының тиянақты атқарылып жатқанына да қала тұрғындарының риза болып отырғандығын біраз адамның алғыс сезімін білдіріп жатқанынан ұқтық.

«Жалпы мәдениет саласындағы оң өзгерістерге тоқтала кетсем, - деп жалғады сөзін әкім, - өткен жылдағы қаламыздың мәдени өміріндегі елеулі жаңалықтардың бірі – тұрғындардың бос уақытын өткізуді ұйымдастыру және іс-шаралардың деңгейін, сапасын көтеру мақсатында қолға алынған қалалық мәдени-демалыс орталығының ашылуы болды.

Мәдени демалыс орталығына штаттар бөлініп, вокал, фольклор үйірмелері ашылды, сахналық костюмдер тіктірілді. Дыбыс күшейткіш және жарық беру аппаратуралары сатып алынды. Орталық алаңдағы сахнада орнатылған лед-экран жөндеуден өткізілді. 2023- жылы да бұл жұмыс жалғасын табатын болады. Қосымша дыбыс аппаратурасын және алаңдағы сахнаға жаңа лед-экран алу жоспарланды. Қаланың мәдени өміріндегі жаңа бір леп – биыл қалалық музей ашу бойынша жұмыстар қолға алынды. Жаңа әлеуметтік нысандар салу, қаламызды абаттандыру мен көркейтуге бағытталған жұмыстар жалғасуда.

дау өткізген болатынмын. Кездесу және жеке қабылдау барысында жалпы 71 сұрақ түсті. 32 сұрақ бақылауға алынды, оның ішінде 31 сұрақ орындалды. Орындалмаған 1 сұрақ - Достық 1А үйінің алдындағы ауланы асфальттау мәселесі 2023-2025 ж.ж. арналған қалалық бюджетті қалыптастыру кезінде қаралатын болады. Бүгінгі таңда сметалық құжаттамалар әзірленіп, бюджеттік өтінім тапсырылды». Құрметті жиналған қауым! Қорытындылай келе айтарым, мемлекеттік мекемелердің алдағы жұмысы – Мемлекет басшысының, Үкіметтің тапсырмаларына, Ұлттық бағдарламаларды іске асыруға, сонымен қатар азаматтардан келіп түскен ұсыныстарына сәйкес жалғасын табатын болады, деп есептік баяндаманы аяқтады қала әкімі.

Кездесуге қатысқандар арасынан бірнеше ғана көкейлеріндегі сұрақтары қойылды. Себебі әкімнің есебіне қанағаттанар арасынан: «көңіліміздегі сауалдардың барлығын негізінен өзіңіз айтып қойдыңыз...», - деген ризашылық пейіл аңғарылды.



Абай көшесінің бас жағында орналасқан «Абай атындағы саябақтың» қазығы қағылып, алғашқы 457 көшет отырғызылды. Бұл саябақтың жалпы алаңы 2,2 га құрайды, аумағында балаларға арналған әртүрлі ойын нысандары, мәдени ісшаралар өткізетін алаң болады деп жоспарлануда. Абай атындағы саябақ болғандықтан, келешекте Абай Құнанбайұлының ескерткішін орнату да жоспарымызда бар.

Жыл басынан қала тұрғындарымен 3 кездесу мен жеке қабыл-

Кездесу соңында арнайы дайындалған бөлмеде жеке қабылдау ұйымдастырылды. Оған тұрғындар арасынан екі адам қатысып, айтылған түйткілді мәселелері жазылып алынды және жуық арада жауабы берілетін болды.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы  
тілшісі.

## ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА ИКЕМДІ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АДАМИ РЕСУРСТАР МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

9 желтоқсанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен және Астана мемлекеттік қызмет хабының қолдауымен ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумы өтті.

Іс-шараға МҚА төрағасы Дархан Жазықбаев, Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменов, Түркия Республикасы Президентінің жанындағы Адами ресурстарды басқару офисінің президенті Салим Атай-Корея Республикасы Адами ресурстарды дамыту ұлттық институты Ғылыми-зерттеу орталығының бас директоры Чун Жи Юн, Әзірбайжан Республикасы Мемлекеттік емтихан орталығы төрағасының орынбасары Бахрам Халилов, сондай-ақ мемлекеттік органдар өкілдерін, HR саласындағы отандық және шетелдік сарапшыларды және де Орталық Азия елдерінен келген делегаттарды қамтитын 300-ден астам адам қатысты.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбаев өз сөзінде Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалар аясында мемлекеттік қызмет жүйесіне жаңа талаптар жүктелгенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Мемлекеттік қызмет істері агенттігі толыққанды стратегиялық HR институтына айналуы тиіс» деп атап өтті. Агенттік тарапынан мемлекеттік қызметке ЭЫҮД елдерінде кеңінен қолданылатын HR-құралдарын енгізу бойынша шаралар пысықталуда. Біз үшін HR саласындағы жаңа білімдерді жинақтау, сондай-ақ мемлекеттік қызметке білікті мамандарды тарту өте маңызды. Ашық, әділ шешімдер

қабылдай алатын, белсенді, заманауи талаптарға икемді мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда адам капиталына ден қоюдың маңызы зор», – деді Агенттік төрағасы.

Форумға арнайы келген делегаттар мемлекеттік қызметті дамытудағы тәжірибелерімен бөлісіп, Қазақстанның халықаралық тәжірибеге бағдарланған мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру, оның ішінде HR-ды дамыту жөніндегі қадамдарын оң бағалады.

Қазақстанның және шет елдердің мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторларының жетекші сарапшылары арнайы сессиялар аясында мемлекеттік қызметшінің жаңа болмысын, HR мамандарын даярлаудың өзекті мәселелерін, тиімді HR құралдарын, адами ресурстарды басқарудағы трендтер мен сын-қатерлер, жаңа мүмкіндіктер, көшбасшылардың ролі мен құндылықтары туралы мәселелерді ортаға салды.

Іс-шара аясында Агенттік төрағасы шетелдік сарапшылармен жұмыс кездесулерін өткізді.

Атап өту керек, форумның мақсаты – орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшыларын, HR саласындағы отандық және халықаралық сарапшыларды, мемлекеттік органдармен корпоративтік сектордың персоналды басқару қызметтерінің басшыларын, персоналды басқару саласында кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының басшыларын бір алаңға жинау және маңызды мәселелерді талқылау.

*ҚР МҚА Баспасөз қызметі*

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ТЕСТІЛЕУ 24/7 ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев Астана қаласында өткен «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумында баяндады.

«Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен мемлекеттік қызметке орналасу конкурстарының әділдігін қамтамасыз ету үшін «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінің сыртқы порталында мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі әзірленіп, конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды. Конкурстық рәсімнің жаңа форматы үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа барлық кезеңдерде келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді», – деді Агенттік төрағасы.

Тестілеуден өту қағидаларын сақтау Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу барысында қолданылып, тиімділігін көрсеткен – прокторинг жүйесі арқылы қамтамасыз ету көзделген.

Әзірленген іріктеу алгоритмі – заңнаманы білуге арналған 4 нормативтік құқықтық актілер бойынша тестілеуді (Конституция, Мемлекеттік қызмет және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдары, Әдеп кодексі); қабілеттілік пен құзыреттілікті тестілеуді (IQ, EQ, SQ тестілеу); басшылық лауазымдар үшін – эссе жазуды (орындаушылық лауазымдар үшін осы талапты мемлекеттік органдар өздері

белгілей алады); салалық және тәуелсіз сарапшылардан, HR мамандар, Әдеп жөніндегі уәкілдерден тұратын конкурстық комиссиямен әңгімелесуді қамтиды.

МҚА басшысының айтуынша, іріктеудің бұл тәсілдерін 2023 жылы «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінде пилоттық апробациядан өткізу жоспарланады. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру мақсатында жекелеген саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің («А» корпусы және «Б» корпусының жоғары лауазымдары саяси лауазымдарға әлеуетті кандидаттар ретінде) құзыреттілігін 2 жылда бір рет ассессмент-орталықтың көмегімен бағалау қарастырылуда. Агенттік кем дегенде 1800 адамға ассессмент өткізуді көздеп отыр.

Атап өту керек, 9 желтоқсанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумы өтті. Форумға мемлекеттік органдардың өкілдері, HR саласындағы отандық және шетелдік сарапшылар, Түркия, Оңтүстік Корея, БАЭ, Мажарстан, Әзірбайжан және де Орталық Азия елдерінің делегаттары қатысты.

*ҚР МҚА Баспасөз қызметі*

## ОБСУЖДЕНЫ ВОПРОСЫ ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ РЕСУРСОВ В ФОРМИРОВАНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО АППАРАТА, ОТВЕЧАЮЩЕГО СОВРЕМЕННЫМ ЗАПРОСАМ

9 декабря в Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан состоялся HR форум «HR на государственной службе: переход к стратегическому управлению персоналом». Мероприятие организовано Агентством Республики Казахстан по делам государственной службы при поддержке Астанинского Хаба в сфере государственной службы.

В форуме приняли участие председатель АДГС Дархан Жазықбаев, председатель Управляющего комитета Астанинского Хаба в сфере государственной службы Алихан Байменов, президент Офиса по управлению человеческими ресурсами при Президенте Турецкой Республики Салим Атай, генеральный директор научно-исследовательского центра Национального института развития человеческих ресурсов Республики Корея Чун Жи Юн, заместитель председателя Государственного экзаменационного центра Азербайджанской Республики Бахрам Халилов, а также более 300 человек, включая представителей государственных органов, отечественных и зарубежных экспертов в области HR, делегатов из стран Центральной Азии.

В своем приветственном слове председатель Агентства Дархан Жазықбаев отметил, что в рамках проводимых в Казахстане политических реформ на систему государственной службы возлагаются новые требования.

«Глава государства в Послании народу Казахстана отметил, что «Агентство по делам государственной службы должно стать полноценным институтом стратегического HR». На данном этапе Агентство подготовило план мероприятий по внедрению HR инструментов в систему государственной службы, широко применяемых в странах ОЭСР. Сегодня для нас очень важно аккумулировать все новейшие технологии и знания в области HR, а так-

же привлечь на государственную службу лучших специалистов и профессионалов.

Для развития человеческого капитала необходимо сформировать открытый, справедливый, активный, отвечающий современным запросам и потребностям государственный аппарат», – сказал председатель Агентства.

Гости мероприятия, делегаты из зарубежных стран поделились опытом развития государственной службы, и положительно оценили принимаемые Казахстаном по совершенствованию государственной службы, в том числе развитию HR, ориентированные на международный опыт.

Ведущие эксперты государственного, квазигосударственного, частного секторов и из стран участниц конференции в рамках специальных сессий говорили о сотрудничестве, тенденциях и вызовах в вопросах развития HR в сфере государственной службы, современном портрете государственного служащего, подготовки HR-специалистов, цифровой трансформации HR и эффективных HR-инструментов.

В рамках мероприятия председатель Агентства провел рабочие встречи с зарубежными экспертами.

Необходимо отметить, что цель международного форума – предоставить возможность руководителям центральных государственных и местных исполнительных органов, отечественным и международным экспертам в области HR, руководителям государственных органов и служб управления персоналом корпоративного сектора, руководителям высших учебных заведений, осуществляющих подготовку кадров в области управления персоналом, обсудить важные вопросы в области управления человеческими ресурсами.

*Пресс-служба АДГС РК*

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ТЕСТІЛЕУ 24/7 ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Об этом рассказал председатель Агентства по делам государственной службы Дархан Жазықбаев на HR форуме «HR на государственной службе: переход к стратегическому управлению персоналом».

«Агентством по делам государственной службы для обеспечения проведения справедливого конкурса разработан новый алгоритм отбора на государственную службу, размещенный на внешнем портале информационной системы «Е-қызмет», а также пересмотрен сам формат проведения конкурсной процедуры. Новый формат конкурсной процедуры позволяет претендентам участвовать в конкурсе в любое время и из любой точки мира на всех этапах, кроме собеседования, которое будет проходить в заранее определенное время», – сказал председатель Агентства.

Соблюдение правил прохождения тестирования будет обеспечено системой прокторинга, которая применялась в ходе отбора в Президентский молодежный кадровый резерв и показала свою эффективность.

Разработанный алгоритм отбора включает тестирование на знание основных законодательных документов и нормативно-правовых актов (Конституция РК, Законы О государственной службе и Противодействия коррупции, Кодекс этики); тестирование способностей и компетенций (IQ, EQ, SQ тестирование); для руководящих должностей – написание эссе (для исполнительных должностей данное требование может

устанавливаться государственными органами самостоятельно); собеседование, проводимое конкурсной комиссией, состоящей из отраслевых и независимых экспертов, HR-специалистов, уполномоченных по этике.

По словам председателя Агентства, эти новые подходы к отбору планируется внедрить в 2023 году. В пилотном режиме апробация будет проводиться в информационной системе «Е-қызмет». Вместе с тем, в целях дальнейшего совершенствования деятельности государственной службы планируется внедрение системы оценки компетентности для отдельных политических и административных государственных служащих (в качестве потенциальных кандидатов на высшие политические должности корпуса «А» и корпуса «Б») один раз в 2 года с помощью ассессмент-центра. Агентство запланировало проведение ассессмента для не менее 1800 человек.

Необходимо отметить, что 9 декабря по инициативе Агентства по делам государственной службы в Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан состоялся HR Форум «HR на государственной службе: переход к стратегическому управлению персоналом». В форуме приняли участие представители государственных органов, отечественные и зарубежные эксперты в области HR, делегаты из Турции, Южной Кореи, ОАЭ, Венгрии, Азербайджана и стран Центральной Азии.

*Пресс-служба АДГС РК*

## «Зайырлы мемлекет – зайырлы қоғам»

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бұл бағытты таңдаудағы негізгі себептердің бірі – еліміздің көп ұлтты, көп конфессиялылығы. Көп конфессиялы мемлекетте ел бірлігін, халықтың тұтастығын сақтау үшін зайырлылық қағидаттарына зәруміз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы, 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Осы тармақтағы «зайырлы» ұғымына кеңінен тоқталып өтсек. Зайырлылық ұғымы мемлекеттің барлық салада, соның ішінде дін саласында ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді. Зайырлылық – әр елдің саяси бағытына, қоғамының сұранысына қарай құбылып отыратын ұғым секілді. Кейбіреулер мұны дінсіздікпен немесе атеизммен шатастырады. Негізінде бұл зайырлылық бұл атеизм де, дінсіздік те емес.

Зайырлылық – бұл дүниеге көзқарастың түрі емес, бар болғаны азаматтық ұстаным. Жалпы айтқанда зайырлылық дегеніміз мемлекеттің және мемлекеттік институттардың қандайда бір дінге не діни конфесси-

яға басымдық берместен бейтарап позицияда тұруы. Сонымен қатар діни сенім бостандығының болуы мен мемлекеттің ресми ұстанатын дінінің болмауы, нәтижеде елдің әрбір азаматы қалаған діни бағытты таңдауына және ұстануына еркі болады. Қысқаша зайырлылықты үш сөзбен түйіп айтуға болады: мемлекеттің бейтараптылығы; дін мен мемлекеттің бөлінуі; діни сенім бостандығының болуы. Зайырлы сипаттағы қоғам бізге ешкімнің діни көзқарасына, дүниетанымына қарамастан бірге өмір сүруге мүмкіндік береді. Бұл зайырлылықтың ең үлкен артықшылығы. Сондықтан да зайырлылықты дінсіздік деп түсінуге болмайды. Елдің бірлігін сақтау, ынтымағына сызат түсірмеу ел болудың, алға жылжып дамудың басты шарты деуге болады. Ол үшін діни төзімділік, зайырлылық принциптеріне мейлінше басымдық беріп, діншілдіктен жиіреніп, діндарлыққа бет алуымыз қажет. Еліміздің іргесі берік болып, руханияты тереңдей берсін.

*Стамқұл Н.А.*

*Приозерск қаласының спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы*

## "Әлемге мәшһүр жазушы – Дулат"



Қазақ өнеріне ерең еңбегі сіңген мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы, драматург Дулат Исабеков туралы көптеген мақталар көзге шалынып жатады.

Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов Дулат Исабеков туралы «Дулат – қаламгер. Дулат – жазушы. Тәңірі сыйлаған таланттың тірлікте не істеу керек екенін «жазушы» деген жалғыз ауыз сөз өзінен-өзі паш етіп тұр. Ендеше, өзін күллі жұрттан, семьядан бөліп тастап, есікті тарс жауып, өз кабинетінде өзін қамаған осы бір тым-тырыс, жым-жырт сәтте өз ойы, өз сезімімен арпалысып отырып, ол енді тап бір тәңірінің өзімен тайталасқандай, кешегі Зейнолла Қабдолов айтатындай, өмірден – өнер жасайды. Өзі жасаған өнердің құдіретімен дүниеде тірлік кешіп жатқан адамдардай, кәдімгідей адамдар туғызады. Олардың да кәдімгі адамдардай әрқайсысының өзіне бұйырмас таланты, тағдыры болады». «Дулаттың драматургияға келгендегі алғашқы

туындыларының бірі «Әпкенің» тақырыбы – өлмейтін тақырып.

Алғаш әдебиетке келген кезінде жазушы Дулат Исабековтің өзгерлерге ұқсамайтын бір ерекшелігі болды. Ол – Тіршілік атты тулаған теңіздің табанында жатқан кейіпкерлерді тауып алатын жазушы екен. Адам елей бермейтін, көптеген қаламгерлер жанынан жай ғана өте беретін кейіпкерлер болады. Ал Дулат Исабеков сол кейіпкерлерді байқап, соның адами қасиетін мөлдіретіп қағаз бетіне түсіре білумен дараланды.

Қалалық кітапханада Дулат Исабековтың туғанына 80 жыл толуына орай «Әлемге мәшһүр жазушы – Дулат» атты әдеби сағат өтті. Мақсаты: оқырмандарға Дулат Исабековтың өмірбаяны мен шығармашылықтарын таныстыру. Жазушының шығармалары жастардың қолынан түспейді, ал пьесалары тек Қазақстанда ғана емес, әлем театрлары сахналарында қойылған. Қорта келе Дулат Исабековтың жастарға ұрпаққа берер тәрбиесі өнегесі өте зор. Рухани даму мәдениет сияқты тәлімдік тәрбие үлесі зор.

*Оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы Г.Тельтаева*

## «Опасность Интернет-ресурсов, пропагандирующих экстремизм и терроризм»

Технологии являются одним из стратегических факторов, способствующих все более широкому использованию Интернета террористическими организациями и их сторонниками для решения широкого круга задач, включая вербовку, финансирование, пропаганду, подготовку исполнителей, подстрекательство к совершению актов терроризма, а также сбор и распространение информации в террористических целях. В то время как многие достоинства и преимущества Интернета очевидны, он также может использоваться для содействия связи внутри террористических организаций, а также в целях передачи информации о планируемых террористических актах и обеспечения их материальной поддержки.

Одним из основных направлений использования Интернета террористами является пропагандистская деятельность. Обычно пропагандистские материалы имеют форму мультимедийных коммуникаций, содержащих идеологические или практические наставления, разъяснения, оправдания или рекламу террористической деятельности. К ним могут относиться виртуальные сообщения, презентации, журналы, теоретические работы, аудио- и видеофайлы, а также электронные игры, разрабатываемые террористическими организациями или их сторонниками.

Основная угроза, которую несет с собой террористическая пропаганда, связана с тем, как она используется и в каких целях распространяется. Распространяемая через Интернет террористическая пропаганда охватывает ряд задач и аудиторий. Она может быть приспособлена для воздействия, в частности, на потенциальных или реальных сторонников или противников той или иной организации или общих экстремистских воззрений, на прямых или косвенных жертв террористических актов или на международное сообщество в целом либо какую-то его часть. Ориентированная на потенциальных или реальных сторонников пропаганда может быть направлена на вербовку, радикализацию и подстрекательство к терроризму путем рассылки сообщений с выражением чувств гордости, удовлетворения от успехов

и преданности экстремистским целям. Она также может использоваться в качестве доказательства успешного проведения террористических актов для тех, кто обеспечивает соответствующую финансовую поддержку. Другие цели террористической пропаганды могут включать использование психологического манипулирования для подрыва веры отдельных лиц в некоторые коллективные социальные ценности или для распространения чувств повышенной тревоги, страха или паники среди населения или отдельных групп населения. Это может достигаться путем распространения дезинформации, слухов, угроз применения насилия или изображений, связанных с вызывающими актами насилия. Целевая аудитория может включать как тех, кто непосредственно видит эти материалы, так и тех, кто окажется под воздействием потенциальной огласки, которую такие материалы приобретают. Что касается более широких кругов международной общественности, то здесь цель нередко заключается в том, чтобы распространить мысль о стремлении к достижению благородных политических целей. Интернет может использоваться не только в качестве средства для публикации экстремистской риторики и видеоматериалов, но и как способ установления отношений с теми, кто наиболее склонен поддаваться на целенаправленную пропаганду, и поиска их поддержки. Террористические организации все чаще используют пропаганду, распространяемую через такие платформы, как защищенные паролем веб-сайты и чат-группы ограниченного доступа в Интернете, как средство тайной вербовки.

В заключение хочу сказать, что помимо полезности интернета есть еще много опасностей. Поэтому рекомендуем быть максимально осторожными и получать религиозные знания только с официальных сайтов!

*Далибаева С.У.  
Специалист отдела внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск*

## Мемлекеттік қызметші – абыройлы міндет

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана біліктілік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің мінез құлық мәселесі тағы бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұруы керек. Бұл халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Әрбір мемлекеттік қызметші жұмыстан тыс уақытта өз әрекеттері мен мінез-құлқына жауапты екенін, ал, кез

келген жағдайда әдеп қағидаттарын сақтау қоғамның мемлекеттік қызметке деген жоғарғы сенімінің негізі болып табылатындығын есте сақтауымыз қажет. Мемлекеттік қызметшілер азаматтар мен қарым қатынас жасау кезінде мынадай ұстанымдарды ұстануға тиіс; өз ойын дұрыс және дәлелді жеткізу; азаматтардың сөзін мұқият тындау; әңгімелесушіге құрмет білдіру, болуы мүмкін тәуекелдер туралы азаматтарды хабарландыру және т.б. Мұндай қарым-қатынас бізге мемлекеттік қызметшілердің мнез-құлқы мәдениеті мен кәсібилігі туралы оң пікірді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*Приозерск қалалық сотының сот отырысының хатшысы Куртибаева Ж.Н.*

## «Гендерлік саясаттың дамуы»

Қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің бірі ретінде – гендерлік саясат болып табылады.

Гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.

Гендерлік саясаттың негізгі қағида-даттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді.

Отбасындағы гендерлік теңдікке қол жеткізу. Отбасын нығайту және отбасындағы тәрбиенің рөлін күшейту. Мақсаты отбасы және отбасы-неке қарым-қатынастары институтын нығайту, отбасының беделін көтеру, неке мен отбасы құндылықтарын насихаттау, ұрпақтардың әлеуметтік және мәдени сабақтастығын қамтамасыз ететін және азаматтық қоғамның тұрақтылығы мен орнықты дамуының факторы болып табыла-

тын отбасы қарым-қатынастарында гендерлік теңдікке қол жеткізу.

Гендерлік саясаттан күтілетін нәтижелер мемлекеттің жалпы саясаты мыңжылдықтың дамуына, соның ішінде елдегі гендерлік теңдікке қол жеткізу мақсаттарын орындауға, қоғамдық сананың – бір жыныстың басым болуынан – екі жыныстың серіктестігі мен ынтымақтастығына ауысуына, әйелдер өздерінің жеке басының әлеуеті мен адами әлеуетін іске асыра отырып, барлық процесстеріне тең дәрежеде қатысуына жол ашылады. Яғни, осының бәрі елдегі азаматтық қоғамның одан әрі жетілуіне және құқықтық мемлекетте гендерлік саясаттың қалыптасуына ықпал ететіні белгілі.

Приозерск қалалық сотының бас маманы  
Байдрахман С.Б.

## ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!



Жаңа жыл, жаңа бағыт, жаңа күн,

Жаңа жылда кезігеді әсем үн.

Жаңа жылда дидарланып күн шықса,

Жаңа жылды тойлауменен болар түн!-дегендей жаңа жыл мерекесі айналасының барлығына өзгеріс орнатады. Биылғы кіретін жылды еліміз Жаңа Қазақстанда күтіп алмақ. Өтіп бара жатқан барыс жылында елімізде көптеген жақсы жаңалықтар болғанына біз де куә болдық. Аса маңызды науқна – Президент сайлау табысты өтті. Қайта сайланға мемлекет басшысы жеті жылға бір мәрте сайланып, елімізде үлкен және көп жаңалықтар жасалатынын айтып, бүкіл елге уәде берді.

Жаңа жыл әркімнің үйіне бақыт, бақ-береке, ырыс әкеледі. Жаңа жыл тойланар күнге дейін әрбір шаңырақта асыға күткен жаңа жылдарына қамдану басталады. Әркім өздігінше үйін сәндеп, әр түрлі заттармен безендіріп, жаңа жылдық киімдер алып, үйге немесе сырт жаққа (ауланың ішіне) шырша қойып, оған ойыншықтарын тағып, түрлі-түсті шамдармен әсемдеп ауланы, үйді мұнтаздай етіп тазалап, жаңа жылды қарсы алады. Жаңа жыл тойланып атап өту үшін үйге азық-түлік алып, жаңа жыл жағдайын алдын-ала жасап алады. Бәрі маз-мейрам боп, бір-бірімен ренжісіп қалған адамдар татуласып, жаңа жыл сондай керемет барлығына қуаныш әкеледі. Аяз ата мен Ақша қар жаңа жылдың ең басты кейіпкерлері: Аяз ата сыйлыққа толы дорбасын арқалап, Ақша қарды жанына ертіп алып, үйді-үйді аралайды. Ал, бұл жаңа жылды жыл сайын көріп, сол жайлы біліп жүріп өзіне өте қатты әсер алған балалар Аяз атаға хат жазып, арманын айтып, жарқын-жарқын сөздерін қосып, лебіз-тілектерін білдіреді.

Жаңа жылдың тәрбиелік мәні де өте зор. Кішкентай балалар «Алақай, Аяз ата келеді!», - деп, тапақтар жаттап, сыйлық алуға ұмтылады. Мұның өзі балаларды білімге, еңбекке бейімдейді. Жаңа

жылдың осы бір кереметтері: аппақ қар да көркейіп, жап-жасыл болып тұрған шыршалар қыстың балғын кезінде әдемі боп, оны барлығы айналып ән шырқағанға, қуаныштары қойнына сыймай кештің соңы от шашу боп, қызықтарға ұласады. Адамдардың бәрі жамандықтан арылып, тек жақсылық болып, ізгі ниеттер айтылып жаңа жыл, жаңа өмір қайтадан өмірге таза болып келгендей барлық күнәдан арылып жанға тыныштық ұялатады. Жаңа жылды отбасымен, туысқандарымен бас қосып атап өткенге не жетсін! «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа», - деп, ескі жыл-барыс жылымен қоштасып енді, жаңа жыл-2023 жыл қоян жылын қарсы алуға ұмтыламыз. Жаңа жылдың кереметтерін менің бір шығармама сыйғызып болмас. Ақ жамылған айнала, жасыл шырша, сыйлықтар, отшашулар бәрі, бәрі, бәрі осы бір атаулы күнге тән. Сондай-ақ жаңа жыл қарсаңында барлық адамзат осы жылда болған өміріне қорытынды жасап жатады, келер жылға еш өкінішсіз өту де басты міндеттердің бірі есептелінеді. Әсіресе, егер де біреумен араздығың болса, міндетті түрде кешірім сұрап, жаңа жылға жеңіл кіруің қажет. Жаңа жыл күні бәрі ерекше көңіл күйде болады. Бәрі де қуанышты. Дастархан толы тәттілер. Себебі жаңа жылды қалай қарсы алсаң, келер жыл да солай өтетін болады екен. Жаңа жыл түні аспанда да ерекше жұлдыздар көп болады. Бәрі де жаңа жылдың жаңа күніне асығып тұрғандай. Бүкіл табиғат қыстың осы бір суық түнінде жаңа жылды қарсы алу үшін оянатындай. Әрбір жылдан соны жақсылық күтетін адамдар «Келер жылдың жақсылығы мол болсын», - деп, бір-бірімізге жақсы тілектер айтып, жаңа жылды жайсаң көңіл-күймен қарсы алайық! Кіріп келе жатқан Жаңа жылдарыңыз құтты болсын, Приозерск қаласының тұрғындары!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУ ӘР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МІНДЕТІ



Қазіргі кезде халқымыз 19 миллионға жетіп қалды. Ресми мәліметтер бойынша қазақ халқы мен қазақша түсінетіндер саны артып келеді. Сонымен қатар мемлекеттік тілді білетін мамандардың біліктілігін арттыру және мемлекеттік тілді білмейтін мамандарды оқыту, дайындау бойынша тегін курстар жүргізу мемлекет тарапынан жасалған нақты қадамадар деп атап өтсек болады. Халықпен етене араласып жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлердің, әсіресе жоғарғы шенділердің мемлекеттік тілді білуі, халықпен билік арасын жақындататыны сөз-

сіз. Қазірдің өзінде, тек қазақша сөйлейтін қандастарымыз мемлекеттік органдар мен қызмет көрсету мекемелеріне барғанда, мемлекет тілде толықтай қызмет ала алады.

Қызметтік ақпаратты мемлекеттік тілде алу халыққа заңды жасалаған үлкен қолдау деп бағалауға болады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтаудың жүйесі мен механизмдері алға қойылған және жетілдіріліп келеді. Заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдардың құжаттары мен хаттарын, ақпараттары мен есептерін, іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуде де жолға қойылып келеді. Мемлекеттік тілді дамытуға байланысты шаруалар көптеп жасалса, мемлекеттік қызметте жүрген азаматтарымыз арасында қазақша сөйлейтіні көбейсе, бұл, әрине қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге септігін тигізеді.

Приозерск қалалық сотының жетекші маманы  
Жакупова Э.А.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №25/25, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі: 66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.